



ЖҮНІС САХИЕВ



Космотарих куәсі

Жүніс САХИЕВ

**КОСМОТАРИХ
КУӘСІ**

**“Елорда”
Астана – 2006**

ББК 84 Қаз 7-6
С 26

Сахиев Ж.

С 26 **Космотарих куәсі. Сегізінші ғылыми-фантастикалық роман. “Кеңістік көшпенділері” сериясы.**
– Астана: Елорда, 2006. – 264 бет.

ISBN 9965-06-433-4

Қазақстанда сериялы ғылыми-фантастикалық романдар жазуды бастаушы белгілі жазушы-фантаст Жүніс Сахиевтің “Кеңістік көшпенділері” сериясымен бұдан бұрын “Тіршілік ұясы”, “Борыш”, “Шеңбердің түйісуі”, “Көктен келген көшпенділер”, “Марстан шыққан жаңғырық”, “Қимайтын әлем”, “Шолпанға көшкен ауыл” ғылыми-фантастикалық романдары жарық көрді.

Қолыңыздағы “Космотарих куәсі” ғылыми-фантастикалық роман кезінде қазақ радиосынан берілген, мерзімді баспасөзде жарияланған. Мұнда бір топ қазақ ғалымдары Айдың солтүстік полюсіндегі түбі ешқашан Күн сәулесі түспейтін қазаншұңқырдағы мұз-тонды ерітінді аршу барысында күтпеген жерден динозаврдың қатқан денесіне тап болады. Сол арқылы динозаврлар өулетінің не себепті жойылып кеткені ғылыми негізде көркем тілмен қызықты да тартымды суреттеледі.

Шығарма оқиғасы күрделі, оқырманын Ай әлеміне, адамзаттың жарқын болашағына жетелейді. Адамзаттың өмірі мен денсаулығын сақтау мен жалпы табиғатты қорғаудағы идеясы кең ауқымды және әлемге орта

С 4702250201– 381
450(05) – 06

ББК 84 Қаз 7-

ISBN 9965-06-433-4

© Сахиев Ж., 2006

© “Елорда”, 2006

БІРІНШІ БӨЛІМ

ҚҰПИЯСЫ МОЛ ҚОЙНАУ

Бұдан жүз миллион жылға жуық бұрын Жер ғаламшарының көптеген аймақтарында түрлі аса ірі тіршілік иелері жайлап жүрді. Жер бетінде өзгеріс тоқтаған жоқ. Жанартаулардың жиі атқылаулары сол кездегі алып жыртықтардың өміріне қатер төндірумен болды. Оған қоса ауа райының суынуы, Күн жарқылының күшеюі бауырымен жорғалаушылардың жойыла бастауына әкеліп соқты. Кейбірлерінің аяқтары бірте-бірте қысқарып, өздерінің пайда болған, шыққан ортасы теңізге оралды. Бірақ Жердің белсенді өзгерістері олардың да тіршілігін қысқартты. Жанартау атқылаулары, аспаннан тас жауу жиі болып жатты...

Жаңа құрам

Жер ғаламшарының ежелгі әрі жалғыз серігі – Айға аттанатын уақыт жақын еді. Бүгінде Жер мен Айдың арасындағы жол – бір қала мен екінші қаланың арасындағы жолмен бірдей. Ғарышкер-ғалымдар осы кезге дейін Айдың талай аймақтарын шарлап-зерттеді. Онда бірнеше Ай қалашығы да орнаған. Сол қалашықта тұрған ғарышкер-ғалымдар өздеріне қажетті аймақтарды зерттеуде. Ай бетінде Жердегі дамыған түрлі елдердің қалашықтары, бұрғылау қондырғылары, жұлдызды әлемді көзбен бақылайтын расытханалары бар. Ай атмосферасыз болғандықтан онан жақын жұлдыздардың төңірегіндегі ғаламшарлар мен көрші жұлдызжүйелер ядроларының детальдары да жақсы бақыланады. Соның арқасында жұлдызды әлемнен құпиясы мол қызықты ғаламшарлар да тіркелген.

Ай бетінде қазақ расытханасы да бар еді. Оған ара-тұра арнайы зерттеушілер тобы жіберіліп тұрады. Зерттеуші-

лер жылдап тұрады онда. Ай төбешіктерін үңгіштей салынған жылы тұрақтар бүгінде кейбір ғалымдардың үйреншікті орындарына айналған. Олар үшін Ай көгінде алапат глобустай болып, әрбір жиырма төрт сағатта ширегін өзгертіп тұратын Жер ғаламшары да таңсық емес. Айдың үстіндегі таулар, қыраттар, ойпаттар мен жыралар ғалымдарға Жердегі табиғат сияқтанып кеткен. Ондағы мақсат – Айдың қойнауынан тіршілікке қажетті құрамдарды іздеу. Ай топырағынан оттегінің мол алынып жатқаны белгілі еді. Ал Айдың қойнауындағы суды бұрғылап шығару ісі ең басты нәрсе болатын.

Осы мақсатпен құрылған жаңа құрам Ай бетіне Күн тас төбеде тұрған мезгілде қонды. Алапат кеме арқа жонындағы «Ай-108» деген жазуын Күн көзіне шағылыстыра бұрылып, белгілі алаңға қарай жайымен жылжып жақындай берді. Іште отырғандардың көбі бұрын талай рет келгендіктен Айдың табиғатына зер сала қараған жоқ. Кеменің толық тоқтап, есігінің ашылуын күтті. Кейбірі қатты шаршаған адамдай орындыққа шалқая түсіп, көзін тарс жұмып әлі отыр. Кеме бірте-бірте баяу жылжып, Ай үстіндегі қарсы алушы адамның көрсетуімен қажетті жерге жеткенде біреу ұстап қалғандай кілт тоқтады. Қатты гүріл сөніп, күрделі жүйелердің ызыңы ғана естіліп тұрды. Жерден келгендердің назарлары енді қарсы алдарындағы үлкен таблоға ауған еді. Онда: «Қазақстан» базасына келдік. Мұнда қазір түс мезгілі. Қонған аумақтағы температура плюс жүз жиырма бес градус. Скафандрларыңыздың саңылаусыздығын тексеріп алыңыздар. Сыртқа шығу басталады» деген қызыл түсті жазу көрінді.

Соның артынша ғарышкер-ұшқыштар отыратын бөлім жақтан жас қыз салонға енді. Ол ортадағы кең жолшамен жүріп өтіп, кімнің қандай дайындықта отырғанын байқады. Келгендердің бәрінің жөй жолаушылар емес, ғалымдар екені белгілі еді. Соған қарамастан, «Ай-108» кемесі жайлы жасалғандықтан қарап шығудың артықтығы жоқ-тын. Жолсерік қыз кейін қарай жүріп өткеннен кейін таблоның астындағы үлкен экраннан оның бейнесі көрінді де:

– Сапарымыз аяқталды! Хош-сау болыңыздар! – деп қайта ғайып болды.

Ғалымдар орындарынан тұрды. Оларды бастап алып келе жатқан белгілі ғаламшар зерттеуші Есеналы Мұхитұлы бірінші болып есікке жақындады.

Одан кейін химик Жадай Қазымбекұлы, физик Беркін Сәтбекұлы, палеонтолог Саматай Ыбырашұлы және басқалар шықты. Ай табиғаты әдеттегісінше қараңғы жердегі қол шамының жарығы астында домаланған доп беті тәрізді жылтырап көрінеді. Айнала көкжиек қара перде тұтқандай қап-қара. Төбе тұстан Күн бажырайып тұр. Егер скафандр болмаса, Жерден келгендер де, осында жүргендер де бір сәтке де шыдамай ұңғыдағы тұраққа қарай қашар еді. Келгендер асыққан жоқ. Өздерін қарсы алушылармен жылы амандасқаннан кейін қону алаңынан онша алыс емес, үлкен ұңғыға қарай жүрді. Орталық үй соның астына орналасқан. Оның басты себебі – Ай атмосферасыз, жалаңаш. Аспаннан туралап келген кез келген тас емін-еркін келіп бұрқ ете түседі. Жол-жөнекей үйкеліп, бытырап, лапылдап жойылмайды. Ал ол осы үйге түссе адам өміріне қатер төндірмек. Сол үшін ұңғы жасалған. Сонымен бірге Айдың майда тозаңдарынан шыланған лаймен қалың етіп сыланған. Ол күндізгі аптап ыстық пен түнгі қақаған суықты бір дегеннен өткізіп жібермейді.

Ал ұңғының ішіндегі көріністің жөні бір басқа. Оны кішігірім оранжереялы ауыл десе де болады. Ұңғының екі қапталы кең дәліз болып келеді. Ол метро сияқты төмендеп кететіндіктен эскалатор да жасалған. Сол эскалатордың ортасында тізілген шамдар мен екі қапталындағы өсіп тұрған өсімдіктер Жерден келген адамның назарын бірден аударады. Өйткені Жер метроларында мұндай өсімдіктер жоқ. Ал Айдың мұндай үйлеріндегі әрбір бос орынға өсімдік өте қажет. Өсімдік бар жерде оттегі бар.

Келгендер қарсы алушылардың көрсетуімен сол эскалаторға мінді. Тартылыс өрісі Айдан алты есеге көп Жерден алғаш келгенде эскалатор үстімен жүрудің өзі де қиындық тудырады. Сол үшін эскалатордың жылжымалы тепкешегінің жанына орындықтар да қойылған. Текпешекте тұрып жылжығысы келмегендер соған отыра кетеді. Бірақ бұл жолғы келгендердің бұдан да бұрын тәжірибесі болғандықтан ешкім де ол орындықтарға отырған жоқ.

Арнайы ұстағыштан ұстап, әңгімелесіп тұра берді. Әңгіменің де шыны шлем ішіндегі радиобайланыс арқылы жүзеге асатыны белгілі. Соған қарамастан әркім бір жаңалақты естігісі келгендей шлем ішіндегі құлаққа ілеріне құлақ қояды.

Метроның тереңдігі аса көп емес-ті. Сондықтан да эскалатордың тепкешекті лентасы бірнеше есіктердің ар-

найы саңылауынан өткеннен кейін саябырсып барып тоқтады. Келгендер әрбір есік біткенді мұқият қарап қояды. Эскалатордан түскеннен кейін бастаушы оңға қарай бұрылды.

Тағы бір есік. Осыдан өткенде арғы жағы кең даладай больш көрінді. Екі жақ сыңсыған ағаш. Орта тұсында аллея. Әр жер, әр жерде жеке-жеке коттедж. Ұңғы ішіндегі шамдардың жарықтығы сондай, Жер ғаламшарындағы күндізгі көріністі көзге елестетеді. Мұнда энергия көзінің негізінен Күннен алынатыны белгілі. Ал мына ұңғының ішінде қосымша реакторлар да бар.

Ай бетіне алғаш қонғанда бейне бір вакуумды шыны ішіне түскендей сезінген ғалымдар енді қайтадан абырлы-сабырлы Жер ғаламшарына келгендей күй кешті. Бастаушы кең жолмен ертіп өтіп, олардың көпшілігіне таныс коттеджге алып келді. Әрбір коттежде алты адамнан тұрады. Бір ұңғының ішінде болғанына қарамастан ол коттеждегілер бір-бірімен видеотелефон арқылы байланысады. Жермен хабарласатын видеоканал өз алдына бөлек.

Келушілер өздеріне белгіленген коттеждерге кіріп, анау-мынау заттарын қойып, жуынып-шайынып, аздап демалған соң жаңа құрамның алдағы істері жөнінде шағын мәжіліс болды. Бұлардың келуін асыға күтіп жүрген бұрынғы құрамдағылар Жерді кәдімгідей-ақ сағынып қалыпты. Әрқайсысынан ананы бір, мынаны бір сұрап жатыр. Жаңа құрамның ішінде тележурналист те бар-ды. Айдағылар одан жаңа телекөріністер сұрады. Тележурналист Жанеркін Салықұлы мәжіліс соңынан ескі құрамдағыларға Жердегі соңғы жаңалықтар жөнінде қысқа телефильм көрсетті. Содан кейінгі біраз уақыт үзілісте әркім өзінің қалаған адамымен әңгімелесіп, ауылы жайлы мәліметтерді сұрап жатты. Ай түгіл, бір кездері Жердің өзіндегі бір қаладан екінші қалаға барған кезде туған жерді қатты сағынатын адамдар үшін мына екі ара оңай жол емес-ті. Ара-тұра кілтипан табылып, не Айға жете алмай, не Жерге қайта алмай орта жолда абыржып жүрген ғарыш кемелері де кезігеді. Ең бір жақсысы, осы Айдағы «Қазақстан» мен Жердегі Қазақстан арасындағы ғарыштық трассада әзір ондай кілтипан болған емес. Ләйім болмасын деп тілейді ғарышкерлер.

Мәжілістен кейін келушілер қайтатындардың жұмыс орындарын қабылдауға кірісті. Жұмыс орны болғанда, Ай

бетін зерттеп қайтқаннан кейінгі жұмыстарын жалғастыратын арнайы лабораториялар еді. Мұнда «Ғаламшар зерттеушілер лабораториясы», «Химиктер лабораториясы», «Физиктер лабораториясы» және тағы басқа лабораториялар аттары жазылған есіктер көп. Ғалымдар өздерінің салалары бойынша зерттеу жұмыстарын осы лабораторияда жалғастырады. Бірақ келгендердің негізгі жұмыстары Айдың солтүстік бүйіріндегі қазаншұңқырлардың бірінің ішіндегі мәңгілік көлеңкеде қатып жатқан су мұзын аршып алу болатын. Өздерінен бұрынғылар ол жаққа әзірге бара қоймаған. Олар экватор маңындағы ойпаттарды, таулы қыраттарды, қазаншұңқырларды зерттеді. Бірақ әзірге бағалы қазба байлық табыла қойған жоқ. Ай шары Жерден сәл-ақ кіші болғандықтан оның барлық жерін шарлап, зерттеу үшін қаншама уақыт керек. Өздерінен бұрын зерттегендер мәжілісте бір кездері Жер ғаламшарында болған жанартау атқылаулары, аспан тастары құлауы кезінде ғарыш кеңістігіне шығып кетіп, ұзақ мерзім кеңістікте сапар шегіп, Ай бетіне құлаған тастарды тапқанын мәлімдеген. Ол жаңа құрам үшін ерекше жаңалық болды. Сондай ғаламат құбылыс кезінде Айдан ұшып шығып, кеңістікте «сапар шегіп» Жердің оң бүйірі – Антарктидадан табылғанды. Одан бері де талай Ай куәгерлері жиналды. Енді міне, Жерден келген тастар да табылыпты.

Жаңа құрам лабораториядағы ол тастармен танысты. Олардың біразы Жерге әкетілетін болды. Барлық жұмыс жайы түсіндірілгеннен кейін ескі құрамның басшысы, ғаламшар зерттеуші Дархан Мақабайұлы былай деді.

– Сіздер біздің Жер есебімен бір жыл ішіндегі жұмыстарымызбен таныстыңыздар. Ай бетін тек біз емес, дүние жүзі болып зерттеп жатқаны белгілі. Бүгінгі Ай картасы да адам танымастай өзгерген. Ал өзіміздің «Қазақстан» аймағымызда да біраз жер игерілді. Дауыл Мұхитының алапат аймақ екені о бастан белгілі. Ал бүгінде сол аймақтың ең жақсы деген жерлері де қалашықтарға толды. Мұнда сутектен басқасы жетеді. Ал сутек арнайы тасушы кемелермен дер кезінде жеткізілуде. Біз осы бір жыл уақыт ішінде талай іс тындырдық. Жаңа айтқанымыздай, Жерден «келген» көптеген тастар таптық.

Оның біразын өздеріңіз де көрдіңіздер. Ендігі жаңалықты өздеріңіз ашарсыздар деп сенеміз. Іске сәт дейміз!

Одан кейінгі сөзді Жерден келген жаңа құрамның басшысы, ғаламшар зерттеуші Есеналы Мұхитұлы алды.

— Ақ тілектеріңізге көп рақмет! Біз де қолымыздан келген ісімізді жасаймыз. Біздің зерттеу бағытымыз сіздерге қарағанда шамалы өзгешелеу, елден алған тапсырмамыз бойынша әуелі осы аймақтан жасы жетпіс миллион жылдық реголит қабаттарын табуымыз керек. Өйткені, Жер тарихында осы уақытта экологиялық апат болды. Ол сол кезде ғаламшарымызда өмір сүрген жануарлар мен өсімдіктер түрінің жартысынан көбінің жойылып кетуіне әкелді.

Соның ішінде әлі күнге жұмбақ болып келе жатқан Жердің алып тіршілік иелері — динозаврлар да мертiкті. Бұл аса қатерлі апаттың сол мерзімге сәйкес келетінін Жердің кейбір қазынды жыныстарын зерттегенде табылған сирек металл иридийдің көптігінен білінген-ді. Сол кезеңде Жер ғаламшарына астероидтар мен құйрықты жұлдыздар да көптеп соқтығысқан. Біз сол бір ғаламат апаттың ізін осы Айдан іздеуді мақсат етіп келдік. Реголит қабаттарын тапқаннан кейін Айдың солтүстік бүйіріне ауысамыз. Бізге берген мәліметтеріңіз, тапқан көптеген тастарыңыз үшін көп рақмет! Жолдарыңыз болсын!

Бізден елге көп-көп дұғай сәлем айта барарсыздар!

Осыдан соң келушілер мен қайтушылар орталық асханаға барды. Бұл жерде қабылданған дәстүр бойынша қарсы алу мен қоштасу отырысы болады.

Оған Айдағы «Қазақстан» базасының басшысы Демеу Қапанұлы да қатысты.

Ол екі жаққа да жетістік пен сәт сапар тілеп, сөз сөйледі. Ай үстіндегі алғашқы дәм келгендерге ерекше көрінген. Әсіресе, Ай топырағын алғаш басып тұрған жас ғалымдарға тіпті де қызық еді. Ондай жастар келгеннен тыпыршып, ертерек сыртқа шығып, Ай табиғатын қызықтауды, ертерек жұмысқа кірісіп кетуді ойлап жүр. Ғалымдардың мәжілістері, дастарқандағы отырыс оларға іш пысарлық істей көрінген. Дегенмен, күткен уақыт та келді-ау.

Қарсы алу мен шығарып салу рәсімі аяқталған соң Жерден келген ғарышкер-ғалымдар шамалы тынығып, сыртқа шықты. Жерден қарағанда қарайып көрінетін Дауыл Мұхитының үлкендігі сондай, оның ана шеті мен мына шетіне анау-мынау ғарыш кемесімен ұшып өтудің өзі біраз уақыт алады. Бірақ оның барлық жерін шарлап жүретіндей

уақыт қайдан болсын. Отызы да бірдей киініп, арқаларына жүк артып, арнайы кемеге отырды. Мұндағы дәстүр бойынша алғаш келгендерді таныстыру мақсатында жұмыс басталардан шамалы уақыт бұрын серуен жасаулары керек-ті. Бұл құрамның ішіндегі алғаш келгендерді қатты қуантқан. Басқа әлемді бір көрудің өзі неге тұрады.

Оның үстіне бұл Жердегі басқа қала емес, дала емес. Жер шарында қанша жерді шарласаң да төбедегі Күннің нұры, аспандағы бұлт, жауын-шашын, жел, найзағай, кемпірқосақ және тағы басқадай табиғат құбылыстары өзгермейді. Ондағы көретінің басқаша салынған зәулім үйлер, түрлі пішінді жеңіл, ауыр көліктер, түрліше киінген адамдар, олардың тілдері – осылар ғана. Ал жалшы, Жер шарының табиғаты бір-біріне негізінен ұқсас. Ал Айдың жөні мүлдем басқа. Мұнда Күн көзіннің өзі де қара аспаннан бажырая қалған. Тау мен тас біткен сол Күн сәулесінен қыза-қыза қарайыңқырап, өзгеше реңкке ауысқан. Тек қана ыстық па, Күн көзі батысымен қақаған суық орнайды. Ол суық Айдың кейбір аймақтарында минус 140 градусқа дейін төмендейді. Айдың күндізгі, түнгі температуралары о бастан белгілі. Сондықтан ғалымдарды негізінен осы аймақтағы бедерлер ойлантады. Серуенге жеңіл қозғалатын, жеңіл қалықтап ұша алатын бесаспап көп кісілік кеме бөлінді.

Оның ішкі жағы о бастан белгілі кемелердің құрылымын көзге елестететін.

Екі қапталында жышырлаған иллюминаторлар, жұмсақ орындықтар. Әрбір орындықтың алдында жиналмалы үстелше, кішкене телеэкран. Бұрынғы Ай кемелерінен басты айырмашылығы да осы телеэкрандарында еді. Бірақ ғалымдарға оның бәрі де таңсық емес. Алғаш келгендер үшін ғана кейбірі қызық көрінеді. Жас ғалымдар кемеге кіріп, өздеріне тиесілі орындарына жайғасысымен сол шағын телеэкрандарды іске қосып, алдында тұрғандай анық көрінген Ай табиғатына қарай бастады. Бірақ сол кезде іштегі қабырғалардан:

– Бұл қысқа серуен-сапарымызда біз Дауыл Мұхитының барлық аймағын шарлап шығамыз. Әуелі әйгілі Коперник қазаншұңқырына барамыз. Оның жан-жағына тараған сәуле-сызықтардың майда қазаншұңқырлардың тізбесінен тұратынына да көз жеткізетін боласыздар. Ал қалғанын бара түсіндірерміз. Сапар сәтті болсын! – деген жас қыздың дауысы ап-анық шықты.

Ғалымдар белдіктерін бекітті. Бұл қай заманнан келе жатқан заң болатын. Мәселе, ғарышкер-ғалымның кеме қалт-құлтынан қорыққанынан емес, кемемен ұшудың ережесінде еді. Сондықтан да байлау міндетті. Сырт-сырт дыбыс тоқтаған кезде қарсы алдарындағы үлкен экраннан Дауыл Мұхитының биіктен түсірілген толық бейнесі көрінді. Мұны Ай төңірегіндегі үлкен кеме-жүйеден алынып отырған бейне екенін ғалымдар бірден түсінді. Соның артынша кеме шамалы ілгері жүрді де, батпырауықша қалықтап жөнелді. Жерге қарағанда мұндағы тартылыс күші алты есе аз болғандықтан оны жеңіп шығу да жеңілге түседі. Отырғандар өздерінің салмақтарын да басқаша сезінген. Мұнда талай келіп, талай кетіп жүрген зерттеушілер тіпті жайбарақат отыр. Оларға кемеінің ілгері жүргені де, қалықтап көтерілгені де ешқандай жаңалық емес. Бәрі де солай болуға тиістідей көрінеді. Тек жас ғалымдар ғана алдындағы орындықтың жақтауына орнатылған кішкене экраннан көз алмайды. Онымен отырған адам астындағы түймелерді баса отырып, кеме ұшып келе жатқан тұстағы кез келген тауды, сайды, тіпті майда тастарды да ап-анық көре алады. Көріністі жақындату да, алыстату да өз қолында. Онымен қалай жұмыс істеулері керектігі жайында алдын ала танысқан.

Ал бәріне бірдей көрінетін үлкен экрандағы көріністің жөні бір басқа. Ол экранда Дауыл Мұхитының бүкіл аймағы көрініп тұрады. Ұшып келе жатқан кемеінің кішірейген бейнесі мен бағыты да анық. Іште отырған адам кемеі бейне бір үстінен көріп келе жатқандай әсер алады. Бұл ғалымдардың зерттейтін аймақтарын жақсы түсінуі, дұрыс бағдар алуы үшін жасалған. Ал жас ғалымдар үшін орындық жақтауларындағы шағын экрандар өте пайдалы. Ешкім ешкімге сұрақ қоймайды. Әркім Ай табиғатын өзінше тамашалайды.

Коперник қазаншұңқырының дүрбі арқылы Жерден де байқалатыны белгілі. Ал оның үстінен жақын биіктіктен ұшқан кезде айналасы жаңа көріністерге толып кеткендей болады екен. Кеме де оны көрсете түскісі келгендей соған қарай құлдилап келеді. Егер кеме қалың жолаушыларға арналған болса, мұндай оқыс құлдилау болмас еді. Кемеі басқарушы да кімдердің отырғандарын жақсы сезінеді.

Бүгінгі Ай кемесі үшін анау-мынау қашықтық ештемеге тұрмайды. Оның үстіне атмосферасыз, тартылысы Жерден аз, сусыз, бусыз, бұлтсыз табиғатта. Мұнда ауа

райын алдын ала бақылап, хабарлап жатудың да қажеті аз. Оларды былай қойғанның өзінде мұнда әлі екі апта бойы Күн көзі осылайша жарқырап тұрады. Егер ғылыми істер күтіп тұрмаған болса, ғалымдар Дауыл Мұхитын екі апта бойы аралап көрер еді. Алда күтіп тұрған істер көп. Әрбір минут, сағат қымбат. Сол үшін де жүйрік ұшатын бесаспап кемеге мінген-ді. Ол бірте-бірте төмендей-төмендей Коперник қазаншұңқырының кең даладай болып жатқан түбі сәлден соң ғалымдардың көңілдерін сергітіп те жіберген. Жас ғалымдар осы екі аралықта алдарындағы шағын экрандарынан талай-талай тастарды анықтап та көріп үлгерген. Коперник қазаншұңқырының тал түс кезінде, ал жерліктердің сөзімен айтқанда, толған Ай кезінде жақсы жарықтанатыны белгілі. Оның ішінің өзі бейне бір шөл даладай қызып жатыр. Әрине, бірақ мұндағы аптап ыстықты Жердегі шөлмен салыстыру артық. Ғалымдар соған қарамастан шыны шлемдерін сырт-сырт жауып, саңылауларын жақсылап бекітті. Артынша тақыр жерге қона кеткен бүркітше кеме табаны да топыраққа тиді. Бүркітше түскен шаң-тозаң жоғары көтеріліп, айналаны біршама уақытқа дейін күңгірттендіріп жіберді. Бірақ бұл көрініс те ғалымдарға жаңалық емес-ті. Олар Жердегіше кемеңнің есігі ашылысымен, жолсерік қыз мән-жайды хабарласымен бір-бірлеп тепкешекпен қазаншұңқыр түбіндегі тегістікке түсті.

Алғаш келген ғалымдарға сол заматта айналадағы аптап бейне бір алапат табаның ішінде қалғандай әсер берді. Енді олардың кейбірі Ай табиғаты мен құпиясынан гөрі өзінің денсаулығын ойлай да бастаған тәрізді.

Бірақ «Қазақстан» базасындағылардың серуенді осы алапат қазаншұңқырдан бастауының да басты себебі бар еді. Өйткені, бұлардың басты жұмыстары да осындай қазаншұңқырлардың ішін бұрғылау арқылы зерттеу болатын. Ғалымдарды бастап келген Ай зерттеуші Мардан Келдібайұлы мән-жайды түсіндіріп шықты. Ол біраз жерді жаяу жүріп, қолына бірнеше тас алып, оны жанындағыларға көрсетті. Басты мақсаттың осыдан жетпіс миллион жыл бұрынғы реголиттерді табу екенін де еске салды.

Содан соң ғалымдар қайтадан кемеге отырып, жеңіл көтеріліп ұшып кетті. Біраз биікке көтерілген кезде іштегі дыбыс күшейткіштерден жолсерік қыздың дауысы саңқылдады.

– Біз Дауыл Мұхитының алқабымен ұшып келеміз, – деді ол, – Рейнер мен Марий қазаншұңқырларын көріп отырсыздар. Жиырманшы ғасырдың 1966 жылы, ақпанның 3-інде елімізден ұшырылған «Ай-9» автоматты ғаламшараралық кемесінің жұмсақ қонғаны белгілі. Ал солға таман, Геродот қазаншұңқыры бағытындағы аймақта 1966 жылдың желтоқсанының 24-інде «Ай-13», ал осы Дауыл Мұхитының орталық аймағындағы Ландсберг қазаншұңқырынан қашық емес жерге 1969 жылдың қарашасының 19-шы жұлдызында америкааның «Аполлон-12» ғарыш кемесінің ғарышкерлер мінген бөлегінің қонғанын жақсы білесіздер. Әрине, бұл – өткен тарих. Одан бергі уақытта келген кемелердің саны жоқ. Өздеріңіз жеке-дара шағын экарандарыңыздан ұлғайтып көріп отырған базалар күні кеше ғана орын тепкен Қысқасы, Айдың ең үлкен аймағы – Дауылдар Мұхиты бүгінде Жер ғаламшарының дамыған елдерінің ғарыштық базаларына айналған.

Жолсерік қыздың анық та жіңішке дауысы күрт тыйылды. Ғалымдар енді иллюминатордан сыртқа үңіле қарай бастаған. Дауыл Мұхиты қаншалықты ғаламат аймақ болса да, мына жүйрік кеме де сол қашықтықтарды ертегідегі дәулердей жұтып жатыр-ау. Әне-міне дегенше серуендеушілер «Қазақстан» базасына қонып келе жатқандарын да байқамады. Дегенмен, аз уақыттың ішінде көп нәрсені көріп, көп нәрсені көкейлеріне түйіп үлгерді. Кеме дөңгелектері шағын жүгіру алаңына тигенде ысылдаған дыбыс күшейіп, ғалымдар өздерін бейне бір аттас магниттың үстінде қалықтағандай сезініп кетті. Бұл қону Жердегі қонудан осындай жұмсақтығымен ерекшеленетін еді. Сәл уақыт өтпей кеме кілт тоқтап, дыбысы сөніп қалды. Кемеден түсу реті мінгендегі сияқты қайталанды. Ғалымдар тобы ұңғыдағы пәтерлеріне қарай асықты.

Адам аяқ баспаған аймақта

Ай табиғатының бүгінгі күні зерттелмеген аймақтары аз десе де болғандай. Әсіресе, ежелден Жер тұрғындарына белгілі Дауыл Мұхиты, Жаңбырлар Теңізі, Айқындық Теңізі, Молшылық Теңізі және басқа ойпаттарда ғылыми зерттеу базалары көп-ақ. Олардың төңіректеріндегі қыраттар мен тауларда, жота-жоталарда Жерден келіп орын тепкен дамыған елдердің жалаулары желбіреді. Бүгінде

Қазақстан Айдың көп жеріне ту тіккен. Егер Ай төңірегіне сырт жұлдыз жүйесінен қандай да бір мәдени дамуы жоғары адамдар келе қалса, Қазақстанның өзіндік ерекшелігі бар жалауына бірден назар аударар еді.

Қазақстан базасындағы тіршілік те Жер тәулігі уақытымен ерте басталды. Ұңғының ішінде барлық жағдай жасалған. Онда уақыттың түрлі мерзімін көрсететін сағаттар да бар. Ең дәл жүретіндері — атомдық сағаттар.

Ал ең сенімдісі — механикалық. Оларды қадағалайтын арнайы адамдар да бар. Әрбір ғалымның қолында шыны бетіндегі цифрлары жиырма төртке бөлінген механикалық қол сағат та тағылған. Олар арнайы комбинезонның қалың жеңінің ішінде, бірақ оның тұсынан жасалған қалың шыны арқылы ұлғайып көрініп тұрады. Егер осы сағаттың цифрлары он екі цифрға бөлінген болса онда ғалымдар Жердегі күн мен түнді ажырата алмас еді. Бұдан басқа Ай бетінен «мені көр» деп тұратын тағы бір алапат сағат бар. Ол — Жер. Жердің ширектерінің әрбір жиырма төрт сағат сайын қайталанып тұратыны белгілі. Өресі бар адам сол көз алдындағы глобус тәрізденген үлкен «сағаттың» ширектеріне қарап-ақ уақытты болжай алады. Бірақ бұл Ай бетінде серуендеп жүрген қарапайым адам үшін ғана қажет. Ал ғалымдар үшін қашанда уақыттың дәлдігі керек. Сондықтан астрономиялық жағынан атомдық, күнгершілік жағынан механикалық сағаттарға сенеді.

Егер ұңғының ішінде Жер тәулігіне ұқсас күн кестесі жасалмаса, таңның атқанын, кештің батқанын да білу қиынға соғар еді. Сондықтан да әрбір пәтерде тәуліктік уақытты білдіретін сағаттар мен шамды реттеп тұратын автоматты жүйелер де бар. Ғалымдар сол жүйелерге қарап күн кестесін реттейді. Жер тәулігімен жұмыс істеп, сол бойынша демалады. Осындағы екі кісілік пәтердің біріне ғаламшар зерттеуші Есеналы Мұхитұлы мен палеонтолог Саматай Ыбырашұлы орналасқан. Бұған басты себеп — екеуінің ғылыми бағыттарының ұқсастығы еді. Келгелі Айдың небір карталарын анықтап, өздері зерттеу жүргізетін аймақтарды қызыл қарындашпен белгілеумен болған. Ай жүзі Жерден шар ғана сияқтанып көрінгенімен ол ғасырлар бойы зерттеп, бар құпиясын аша алмай келе жатқан Жерден сәл-ақ кіші дене. Айдан қарағанда Жер шар болып көрініп тұр. Оның Айдан басты айырмашылығы — өне бойын қоршаған бұлттары мен теңіз мұхитта-

рының барлығы. Көгілдірлігі. Соның өзі-ақ кеңістіктің осы аймағындағы күллі ғаламшардың ішінен өзгеше етіп көрсетіп тұр. Жұлдызды әлемнен келе қалған қандай дәрежедегі тіршілік иелері болсын, Жерге бір қызықпай өтпес. Жерде жүргенде қадірі болмаған Жер де енді ғалымдарға ыстық бола бастаған. Жердегі хабар оларды түрлі-түсті стереотеледидардан көрген кезде олар кәдімгідей сағыныш, толқып қалады.

Осы пәтерлерге орналаса салысымен бірнешеуі Жердегі үйлерімен де сөйлесіп үлгерген. Аман-есендіктерін біліп, көңілдері орнығып қалған-ды. Бүгінгі тіршілік те өзіндік ерекшелігімен есте қаларлық еді. Ғалымдар енді тікелей істеріне кіріспек. Бұдан бұрын осында болғандардан істі қабылдап алғаннан кейін-ақ Есеналы Мұхитұлы өз ісіне мұқият бола бастады. Ай – келіп серуендеп кететін орын емес. Рас, Жерден арнайы жолдамамен, арнайы жолаушылар кемесімен ұшып келіп, Айдың бетінен сәл-ақ жоғары айнала ұшып, оның бар табиғатын өз көздерімен көретін, қажет деген жерлеріне қонып, Айдың топырағын, тастарын, өз қолдарына алып көретін жайлар да бар. Бірақ олардың бәрі де үстеріне туристік комбинезондар киеді. Айдағы тартылыстың аздығын, көлеңкесінің қоюлығын, атмосферасыз аймақтың қалай болатынын, Күннің жылжымағандай болып тұрып алатынын, аспанның қою қараңғы болып келетінін тамашалайды олар.

Ал ондай жаңалықтар ғалымдар үшін қызық емес. Ондай тамашалау дәрежесінен бұлар баяғыда өткен. Тек араларындағы Айды зерттеуді жаңа бастап жүрген кейбір жас ғалымдар ғана туристер дәрежесінде қызықтап қарайды. Бүгінде Айдың төңірегі де, үсті де қыбырлаған адамға, ұшып-қонып жатқан адамдарға көбейген. Жақсы деген аймақтың бәрінде де базалар орналасқан. Биік, көруге қызық тау шыңдарында Жерден келген туристер демалып, айналаны қызықтайтын, айналып тұратын шынылы мұнаралар да бар. Онда мейрамхана, дәмхана да жетеді. Сол орындардан келгендер Жерді қызықтайды. Көп уақытқа келгендер Жердің ширектерін де бақылап үлгереді. Қысқасы, бүгінде Ай бетінде сонау бір кездегі алғаш келіп, алғаш аяқ басқан адамдардың уақытындағыдай тыныштық емес. Енді жұлдызды әлемнен келген саналы тіршілік иелері де Ай бетіне ойланып қонар еді.

Ғалымдар өздері қысқа мәжіліс құратын бөлмелеріне асықты. Ол кезде Есеналы Мұхитұлы мен Саматай Ыбырашұлы оларды күтіп отырған-ды.

Есіктен химик Жадай Қазымбекұлы, физик Беркін Сәтбекұлы кірді. Соңынан олардың көмекшілері – жас ғалымдар Әкіжан Иманбекұлы, Бәдеш Сағадиұлы, Бұлақбай Шәріпұлы және басқалар келіп жайғасты. Қысқа мәжілісте айтылатын нәрсе түсінікті еді. Ол осы Дауыл Мұхитының біршама жерлерін зерттеу, ал сонан соң Айдың солтүстік бүйіріне ауысу. Осы жөнінде Есеналы Мұхитұлы қысқаша түсіндіріп өтті. Содан соң бірнеше сұрақтар қойылып, барлық нәрсе түсінікті болғаннан кейін бәрі сыртқа қарай беттеді.

Сыртқа шығар ұзыннан-ұзақ дәлізде келе жатқанда олардың бірнешеуі арнайы байланыс орындарына кіріп, Жердегі үйлерімен тілдесті. Сапар алдында мұндай тілдесуге рұқсат берілетін. Өйткені, Ай бетіндегі зерттеу жұмыстарының қай-қайсысы да қатерсіз емес. Әсіресе, алғаш келгендер үшін. Тағы бір ғажабы, Ай бетінде жиі-жиі сілкініс болып тұрады. Ол да аса қатерлі емес деуге болар еді, зерттеу жүргізіп жатқан жерге ойламаған жерден аспаннан келіп бұрқ ете түсетін аспан тасы тағы бар. Айда атмосферадың жоқтығы – бейне бір қорғағыш қабаттың жоқтығымен бірдей-ді.

Сондықтан да ғалымдар зерттеу жүргізетін жерге уақытша арнайы қорғағыш қалқа орнатады. Ал жұмыс ұзаққа созылатын кезде сол қалқаны, аспанды бақылап тұратын адам да қойылады. Өйтпесе, қазудың, тапқан қызықты тастардың қызығына түсіп кеткен ғалымдар аспан тасының түсу қаупін ұмытып та кетуі мүмкін. Қай жерде де сақтық қажет.

Ғалымдардың біразы Жердегі үйлерімен сөйлесіп, балашағаларының амандықтарын білгеннен кейін сыртқа қарай асықты. Бірақ сырт болғанда Жердегі сияқты киімдерін жартылай киіп, ұмтылмайды. Шыға берісте адам денсаулығын әп-сәтте бақылайтын күрделі автомат жүйеден өтеді.

Сонан соң жұмысқа арналған комбинезонын киеді. Сөйтіп барып, эскалатордың тепкешегіне тұрады. Эскалатордың жұмыс жүйесі де Жер метроларынікінен өзгешелеу. Ғалымдар оған да үйреніп алды.

Есеналы мен Саматай өздері бастап Ай бетіне шыққан кезде Жер жаңа туған Айдай болып тұр еді. Бұл ондағы Қазақстан жеріндегі танның атқан, Күннің шыққан мезгілі болатын. Ғалымдар оны бірден түсінді. Жұмысты да сол

қазақ жеріндегі уақытпен сәйкестендірген-ді. Ол қазақ жерінде өмір сүрген адам үшін пайдалы. Денсаулыққа да нұқсан келмек емес. Мұнда келіп әбден машықтанғандар үшін Айдағы көп құбылыс таныс. Кейде ғалымдар Жердің жылдам өзгертін ширегін сағат есебінде пайдаланады. Ерте кездегі қазақтар уақытты Күннің көтерілу, шарықтау, ойысу мен бату мезгілдеріне қарап ажыратқан. «Таң атыпты», «Күн шығыпты», «Күн қарға адым көтеріліпті», «Күн таяқ бойы көтеріліпті», «Күн тас төбеге келіпті» деген сөздер де сол уақытты білдіретін тіркестер еді. Кейін сағат пайда болғаннан кейін ол сөздердің бәрі де қолданылмайтын болды. Ал Айда Жердің ширектеріне қарап, ондағы таңды да, түс мезгілін де, түсті де, түс қайтқан мезгіл мен кешті де оп-оңай ажыратуға болады.

Сөйтіп, Ай үстінде жүргенмен де Жердің уақыт-мезгілімен тіршілік жалғасып жатады.

Ғалымдар бір шеті орақтанған Жерге бір-бір қарап алып, кемеге қарай жүрді. Ал бұл кезде Күн Айдың бетін табадағыдай шығғырып тұрған-ды.

Келгелі өткен үш күндік уақыттың ішінде Күннің батысқа қарай сәл де болса ығысқаны байқалды. Бірақ мына түрімен Күн мүлдем қозғалмайтын сияқтанады. Тәуліктің жарты мезгілінде шығыстан көтеріліп, төбе тұсқа шығып, онан батыс көкжиекке батып үлгеретін Күн мұнда тіпті ұзақ. Алғашында кім кімге де ол біртүрлі көрінеді. Бірақ қалай болғанда да ғалымдардың өз мақсаттары, өз жоспарлары бар. Соны ойлаған кезде мезгіл жайлы ойлауға да уақыт табылмайды.

Ғалымдар бұл жолы кемеге мінді. Кеме деуден гөрі оны Айдың кез келген қиясымен, жотасымен жүре алатын бесасап көлік десе де болар еді.

Кеме дейтіні, ол Ай бетінен сәл-ақ көтеріліп, жел толтырылған қайық сияқтынып ызғиды. Ал бесасапқа жатқызатыны – таулы жерге, қияға, жотаға келгенде дөңгелектерін түсіріп, жүреді. Аса тік жарларда кеме дөңгелектерін бауырына жиырып, арнайы табандарынан кілей бөліп, тас-тасқа жабысып, жәндіктерше өрмелейді. Ғалымдарға да сонысы керек. Соңғы кездері Айдың тегіс жерлерінен гөрі қазаншұңқырлардың іші назарды көп аударып келеді. Қазаншұңқырлардың орта тұсында шошайып тұратын шағын тау-шыңдардың да өзіндік құпиялары әлі күнге ашылмаған-ды. Ай бетінің картасы да, суреті де, киносы

да жетеді. Бүгінде оны көріп отыру қызық та емес. Бүгінгі басты мақсат — Айдың бетінен Жерден ұшып келген тастарды, тағы басқадай нәрселерді іздеп табу. Соңғы кездері Айдан жетпіс миллион бұрынғы Жердің кейбір тастарының да көзге түскені белгілі.

Олардың түрлі үлгілері осы Айдағы базадағы лабораторияларда да, Жердегі мұражайларда да тұр. Бірақ олар жеткіліксіз еді.

Сондықтан да бұл жолғы сапарда ғалымдар Айдың адам аяқ баспаған аймағын зерттеуді мақсат етті. Сол үшін де бесаспап кемені мінген. Ай үстінде қаншама базалар салынып жатса да, оның барлық ой-шұқырын зерттеп біткік деу ерте еді. Тіпті, кейбір құпия нәрселер Қазақстан базасының айналасынан да табылып жатады. Сондай құпия зат пен тастардан ажырату үшін соңғы кездері Ай бетіндегі ертеде келіп қонған ғаламшараралық кемелердің қалдықтарын жинаушы құрам да құрылған-ды. Соның арқасында біршама тазарып та қалған. Дегенмен, қалып қоятындары да бар. Анау-мынау құпия заттар жұлдызды әлемнен келген заттар ма деген де ой тудырады ғалымдарға. Қалай болғанда да, ең бастысы, Жер мен Айдың өзара байланыстылығын айқындай түсу елі келгендердің басты мақсаттары.

Бесаспап кемеге отырған бір топ ғалым оны жүргізушіге солтүстік тұсты ала жүруді ұсынды. Дауыл Мұхитының небір табиғаты көз алдарында келеді олардың. Бұдан бұрын кемемен биік ұшқанда тегістеніп көрінген аймақтың өзі де кедір-бұдыр екен. Ай бетінен сәл-ақ көтеріліп қалықтап келе жатқан кеме кейде сол кедір-бұдырға бағынғандай селк-селк ете қалады. Ғалымдар оған назар аудармайды. Олар үшін ол селкіл әуе кемесіндегі солқыл сияқты сезіледі. Оның үстіне биікте келе жатқан жоқ. Кеме көтере алмаса, тартылысы аз Ай бетіне жұмсақ түседі. Сондықтан да ғалымдар айналаны, тау-тасты, қыраттарды бақылап келеді. Тіршіліксіз табиғат өзінің бар құпиясын ішкі жағына сақтап алғандай тым-тырыс. Отырғандар өздерін бейне бір ғаламат вакуумда қалғандай сезінеді. Мұнда үміт арттыратын нәрселер — алыста Айдың топырағын жинап, оттегіге айналдырып жатқан күрделі қондырғылар мен Күн көзіне шалқалай-шалқалай жайылып жатқан электр энергиясының панельдері ғана. Олардың өздері де алыста. Дәл қазір ғалымдар Айдың дірілін де

сезбейді. Егер көлік Ай бетімен ұзақ жүрсе, Жерден келіп қонып жатқан, ұшып кетіп жатқан кемелердің тастандыларынан болатын діріл мен Айдың өз сілкінісін де сезер еді. Мұндай көліктің бір ерекшелігі де осынысында екен.

Біраз жер жүрген соң Есеналы қолындағы кішкене жалпақ құралының бір түймесін басып қалды. Оның дөңгелек экранынан жылт етіп, Дауыл Мұхитының кішірейтілген картасы көрінді. Есеналы қай түймені басса, соған сай картадағы орындар жылжып отырды. Ғаламшар зерттеуші ғалым салыстыра қарау үшін Дауыл Мұхитының батыс бөлігінің картасын бір көріп алмаққа бекінді. Түйменің бірін басып қойды. Артынша дөңгелек экран бетінен Дамуазо, Герман, Флемстид, Скиапарелли және Кавальери маңдарындағы ильменитті базальт табылған аймақтар жылжып өтті.

Онан кейін Есеналы жарығы құбылып тұратын Аристрах, Кеплер және тағы басқа қызықты аймақтарға да көз жүгіртті. Саматай болса, ол да өзінің жеке құралымен қызықтыратын аймақтарын бақылап қояды. Кеме зулап келеді. Қалған жол да аз сияқты. Көздеп келе жатқандары солтүстік бағыттағы әлі ат қойылмаған шағын қазаншұңқырлардың бірі еді. Солтүстік бүйірге жақындаған сайын Күннің сәулесі де қиғаштанғандай көрінеді. Сәуле қиғаштанған жерде көлеңкенің ұзаратыны ежелден белгілі.

Ғалымдар сол көлеңкелер аса ұзармай тұрып жетуді де көздеп келеді.

Кеме көздеген қазаншұңқырға жеткенше әлі біршама уақыт болған соң ұзақ үнсіздікті Есеналының өзі бұзды.

— Ай бетіндегі осындай емін-еркін шарлауды ата-бабаларымыз арман етіп кетті-ау! Ал біз үшін күнделікті тіршілік сияқты. Адамзаттың арманы таусылған ба. Ол кездегілер Айға келіп осылай емін-еркін жүруді армандаса, біз алыс жұлдыз жүйесіндегі ғаламшарларға барғымыз келеді. Осылайша кете береді.

— Оныңыз рас, — деді Саматай аспанға қарап қойып.

Бірақ осы кезде соны күткендей қара аспаннан бірдеме жарқ етіп, зулаған бойы келіп анадай жерге бұрқ ете түсті. Айналасына от шашылды. Ғалымдар үстерінде шыны жамылынқы болса да, сескеніп бұғып қалды. Жеңіл кеме шайқалып кетті. Бейне бір теңізде толқын соққысына ұшырағандай тербелді. Ғалымдар алдарындағы ұстағыштардан мықтап алған. Кеме жаңағының лебінен біршама жерге

дейін өзінің бағытынан ауытқып та кетті. Осы кезде Есеналы:

– Аспан тасы құлаған жерге жақын баралық! – деді.

– Жоспарымыз ше?

– Мынандай жағдайда жоспарды қоя тұралық, Саматай! – деді Есеналы толқып.

– Өзі неге ұқсайды? Аспан тасы ма, әлде?.. – деді Беркін Сәтбекұлы дүрбісін көзіне тақай беріп.

– Менімше, аспан тасына ұқсамайды.

– Мына құбылыс аспан тасынан гөрі құйрықты жұлдыздың құлауына көп ұқсайды.

– Расында да, қараңыздаршы айналасың, жарық сәулелер пайда бола бастапты! – деді Беркін.

– Оны барып көруіміз керек! – деді Есеналы.

– Онан бұрын ғылыми-зерттеу базасындағыларға хабарлауымыз керек шығар? – Саматай Есеналыға ойлы жүзін бұрды.

– Хабарлау өз алдына. Ал біз ізі суымай тұрғанда суретке, киноға түсіріп алуымыз керек!

– Кемені солай қарай бұрайын ба? – деді сол кезде манадан үнсіз отырған жүргізуші Манат Өтемісұлы.

– Бұра ғой! – деп Есеналы өзі отырған орындықтың алдындағы шағын пульттегі бір түймені басып жіберіп, – Қазақстан базасы? – деді.

– Қазақстан базасы тыңдап тұр! – деген жас жігіттің бейнесі шықты кішкене экранға.

– Маған жұлдызнамашы Әбіш Кәменұлы керек еді!

– Тыныштық па? – деді Ернұр есімді жігіт елең етіп.

– Тыныштық. Біз кетіп бара жатқан жолдан бірнеше шақырым жерде жарылыс болды!

– Ол неғылған жарылыс? – деп онан сайын басын көтере түсті Ернұр.

– Соны өзіміз де шамалай алмай жатырмыз. Әбіш Кәменұлы келді ме?

– Қазір...

Жігіт сөйлесіп отырғанымен алдындағы түймелерді басып, жұлдызнамашыны шақырып үлгерген екен. Бір кезде аздап шаршаңқыраған Әбіштің бейнесі шықты экранға. Есеналы оған қадала қарады да:

– Мезгілсіз мазалағанымызды айыпқа бұйырмаңыз, мұнда бір жарылыс болды. Зерттеуге кетіп бара жатқан

жолымыздан бұрылуымызға тура келді. Құйрықты жұлдызға ұқсайды!

– Құйрықты жұлдыз?

– Иә. Жобалауымызша солай!

– Бұл мейлінше сирек болатын құбылыс қой. Суретке, киноға түсірдіңіздер ме?

– Өзіміз де жаңа жақындадық. Айналасы көз қарықтырарлық жарық. Лебі кемемізді теңселтіп жіберді. Енді ғана бастадық сурет пен киноға түсіруді.

– Рақмет! – деді Әбіш Кәменұлы қуанып. – Бұл бір керемет жаңалық болды. Өзім тұрған расытканадан қанша жер екен?

– Көп емес! Жүйрік ұшатын кемеңі аларсыздар.

– Түсінікті. Сіздер анау-мынау көріністері жойылмай тұрғанда суретке, киноға түсіріп алыңыздар. Ал қалғанын өзіміз анықтаймыз. Бақылауға дайындық жұмысын тоқтата тұрамыз.

– Жақсы, біз сіздерді күтеміз. Содан соң өзіміздің жоспарымыз бойынша сапарымызды одан әрі жалғастырамыз.

– Келістік.

Байланыс кілт үзілді. Осы кезде барып кеме ішінде отырғандар да сергіп, серпіліп сала берді. Есеналы алғашқыдан гөрі сәл де болса көңілденіп, қара көзілдірігін бір қозғап қойды. Басқалар да әзір көзілдіріктерін шешкен жоқ.

Кемеңің маңдай тұстағы үлкен шынысы да қарайған түсті шынымен жабылған-ды. Бұл осындай кездейсоқ аса қатты жарықтан көзді қорғау мақсатында жасалған. Құйрықты жұлдыз ядросының бетіне қатқан газ бүркелген су мұзынан, тозаңнан, әр түрлі көлемдегі тас пен темірдің бөлшектерінен тұратынын ғаламшар зерттеуші болғандықтан Есеналы да жақсы біледі. Бірақ құйрықты жұлдыз Күнге жақындай бастаған кезде ядросы бірте-бірте қызып, су буымен газдардың шашырай булануы басталады. Олар тозаңдармен бірге ядроны орап алады да, жарық кесек пайда болады. Ұзарып жарық құйрық шығады. Бір кездері Жер ғаламшарына құлаған жұмбақ дене – Тунгус метеориті де осыған ұқсап жарылған. Есеналы да, Саматай да, басқа ғалымдар да ол жайлы көп оқыған, көп зерттеген. Ай жағдайындағы жарылыстың қалай болатынын да біледі.

Қатерден сақтана түсулері үшін ғалымдар кемеңі жарылыс болған аумақтан сәл алыс, бір төбенің иегінің арғы

жағына қондыруды ұйғарды. Манат Өтемісұлы ол өтінішті әп-сәтте орындады. Ғалымдар кемеден бір-бірлеп, бірақ асығыш түсті. Көзілдіріктерін шешпестен әлгі иектің үстіне шықты. Бар ғажайып та сол кезде көрінді. Күннің жарық сәулесіне жарқырай шағылысып ойылған жер жатыр. Айналасына Коперник қазаншұңқырындағыдай тарам-тарам сәуле-жолақтар тараған. Сол сәуле-жолақтардағы майда шұңқырлардың өздері де тізген маржандай жылт-жылт етеді. Ал орталық қазаншұңқырға көзілдіріктің өзімен қарау да қатерлі. Одан шыққан бу мен тозаң қара түсті Ай аспанына қарай тез ұшып кетіп жатыр. Егер осы құбылыс Жерде етсе, құйрықты жұлдыздың су буы мен тозаңы бұдан гөрі әлдеқайда баяу көтерілер еді. Мұндағы процесс мейлінше жылдам. Есеналы дереу жанындағы сурет пен киноға түсіруші Ғұбайдолла Жорабекұлына бұрылды. Ол тынымсыз түсіріп тұр екен. Соған риза болған Есеналы сәл кейін шегініп, жанындағыларға да соны істеуді білдірді. Қазаншұңқыр ойған ғаламат от-жалын мен су буы, тозаң минут өткен сайын әлсірей берді. Егер осы құбылысты Жерден бақыласа, бәлкім гейзер атқылап жатыр ма деп те қалар еді. Айда гейзер де атқылайды. Оның бірнешеуі бұған дейінгі талай жылдар бұрын бақыланған. Сондықтан ғалымдар үшін ол аса жаңалық емес-ті.

Ғалымдар екі қолдарына қара түсті шыны орнатылған арнайы дүрбілерін жарылысқа қарай бұра бергенде, өздерін айнала қоршай қонған кемелерді байқады. Олар үшеу еді. Үшеуі де жүйрік ұшады. Кемелерден бес-бестен он бес зерттеуші түсті. Үш кемеңіз ортадағысынан Әбіш Кәменұлы шығып, иекке қарай асыға басты. Төрт адам оны қоршап келеді. Көздерінде көзілдірік.

Радиациядан қорғайтын қалың комбинезондары күн сәулесіне жылт-жылт шағылысады. Бұл аумақтың жарығы әншейінгі жарықтан көбірек. Бейне бір осы жерде алапат бір жақұт жатқандай. Жақұт десе дегендей еді, оның әдемі көрінісін тілмен жеткізу қиын. Ғарышкерлердің Айға келу тарихында алғаш болып тұрған ғажайып құбылыс бұл. Соның куәгері қазақстан ғалымдары еді. Бұл бір жағынан қуанышты да, екінші жағынан басқа ғалымдар үшін қызғанышты да жайт еді.

Әбіш асыға басып келген бойда Есеналымен қалың қолғап сыртынан саусақ айқастырып амандасты да, дереу

алға қарады. Бірте-бірте жарығы азайып бара жатқан ғажайып көрініс те «Мені жақсылап көріп алыңдар» дегендей көз алдарында жатыр. Әбіш қанша дегенмен жұлдызнамашы болғандықтан мойнындағы кинофотокамерасын алып, қазаншұңқырды тездетіп пленкаға түсіріп алды. Сонан соң сол иығынан оң жамбасына қарай салбырап тұрған сөмкесін ашып, ішінен кішкене электронды күрделі құралын алып, құйрықты жұлдыздың қандай жылдамдықпен келіп құлағанын, ядросның көлемін, ойған қазаншұңқырының кесекөлдененің, шашыранды сәуле-жолақтарының ұзындығын өлшеді. Екінші, үшінші кемемен келген ғалым жұлдызнамашылар да соған ұқсас істі қайталап жатты. Әбіш бар өлшеуін біткеннен кейін де әңгіме айтуға шамасы келмей, жарқырап жатқан қазаншұңқырға қараумен тұрды. Есеналы да оған кедергі жасаған жоқ. Қашан жұлдызнамашы тіл қатқанша мәдениеттілік пен сабырлылық сақтап сөйлемеді. Сырт-сырт еткен, ызыңдаған түсіру құралдарының дыбыстары көп уақытқа дейін өшпеді. Кейбіреулері қызыққаны сондай, оңға қарай, одан солға қарай бірнеше қадам жерге барып, қазаншұңқырдың о жақ, бұ жағын түсіріп жатты. Бірнеше минуттың ішінде құйрықты жұлдыздың бар табиғатын біле алатын кино-фото мәліметтер дайын болды. Тек осыдан соң барып Әбіш Есеналыға бұрылған.

– Қалған істі өзіміз жалғастырамыз. Сіздерге көп-көп рақмет! Жолдарыңыз болсын! – деді.

Рақмет дейтін ештеме жоқ, – деп Есеналы да көріністі қиғысы келмегендей қазаншұңқыр жаққа бір қарап алды, – бұл біздің парызымыз. Біздің мамандығымыздың өзі бір-бірімізбен байланысты емес пе?

– Біз зерттейтін тағы бір қазаншұңқыр дайын болды! – деп жымиды шыны пленка ішінен Саматай.

– Оның рас, – деді оған Есеналы, – қазаншұңқырдағы от пен жарық жоғалғаннан кейін-ақ зерттеуді бастаймыз. Құйрықты жұлдыздың аты-жөнін, келген ауылын анықтаймыз. Оған дейін Әбіш те қарап қалмас.

– Мұндай құбылысты қалт жібермеуіміз керек!

– Ал енді іске сәт! – деп Есеналы Әбішке оң қолын көтерді.

– Жолдарыңыз болсын! – деді Әбіш те оң қолын көтеріп.

Айдағы сілкініс

Қазақстан базасындағы пәтерлердің маңында арнайы орын бар-ды. Ол орындарда Жерден әкелінген түрлі хайуанаттар өсіріледі. Алғашқы кездері барлық азық-түлік, су-тек Жерден жеткізіліп тұратын. Ай қойнауынан судың мол алынуына байланысты барлық нәрсе осы аймақта дайындалатын болған. Тіршілікке қажетті топырақ пен судың жеткіліктілігіне байланысты хайуанаттар түрі де көбейген. Бүгінде арнайы қораларда, тор бөліктерде қоян да, тауық та, үйректер де бар. Ғарышкерлер пәтерлерінен күн шығысқа қарай жүрген жолда сол қоралардың бәрі қаз-қатар тұр. Пәтер мен екі араны үлкен аллея бөледі. Жасанды жарық күшімен өсірілген түрлі ағаштар да шыны шаңыраққа қарай өрлеп кеткен. Осының бәрі де ұңғының ішінде. Өзінше бір ел Ғарышкер-ғалымдар бейне бір Жердің бір кішкене бөлегін осында көшіріп алып келгендей сезеді.

Мамандығы мал дәрігері болған Есдәулет Тынымбайұлы Жер тәулігімен есептегенде әрбір үш сағат сайын хайуанаттардың жағдайын бақылап тұрады. Оларды күтушілердің жөні бір басқа. Күтушілер хайуанаттардың жағдайларын жақсы біледі. Түсінеді. Хайуанаттар да күтушілеріне үйреніп алған.

Мұнда соларды қатерлі болмаса да қарауылдап жүретін иттер де бар. Ғалымдар ит пен мысықты Айдың сілкіністік құбылысына қажет деп алдырған-ды.

Әрі ит адамға жақын, түсінгіш келетіндіктен ғалымдар қолы босаған кездерінде олармен серуен құрып та жүреді. Есдәулет қора-қораның бәрін бақылап шықты. Қояндар жатқан торлы бөлмеге келгенде олардың кейбірі зып беріп қашып, көздерін жылтыратып, қараңғылау келген індерінен қарап жатты. Жерден ең бірінші болып келгендер де солар еді. Қоянның тез көбейгіш екенін білмейтін адам жоқ. Сондықтан да Айдың алғашқы хайуанат меймандары солар болған. Есдәулет қояндар бөлімінен өткеннен кейін тауықтар бар тор бөлмеге келді. Олар «күк», «күк» деп тас-талған жемдерін шоқып жеп жатыр. Көбісі келген адамдармен шаруасы жоқ. Есдәулетпен бірге осы хайуанаттар мен құстарды қарайтын топтың бастығы Зікірия Саматұлы да келді.

Ол адам азығының жайын, қояндар мен тауықтардың өсімін, жұмыртқа беру қарқынын түсіндіріп жүр. Оның бәрі тек бұл екі маман емес, күллі адамзатқа белгілі жайт.